

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетін техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 қазан N 1249

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының жауынгерлік әзірлігі мен сенімді күзетілуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Сельхозмаш" акционерлік компаниясының 1996 жылғы 1 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетіне оның республикалық бюджетке төлемдері бойынша берешегін өтеу есебіне 63586 (алпыс үш миллион бес жүз сексен алты) мың теңге сомада өзі шығарған өнімді беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті оны қаржыландыру есебіне аталған сомадағы өнімді алған соң, қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып, республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы кәсіпорындарының берешегіне есептеме жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі темір жол тарифтері үшін есеп айырысуларды әскери тасымалдау құжаттары бойынша қабылдасын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
"10" қазандағы
N 1249 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті

жөніндегі мемлекеттік комитетіне техника жеткізу есебіне
есептеуге қабылданған "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы
кәсіпорындарының берешек сомасы
(мың теңге)

Кәсіпорын атауы	Қосымша ісқұнға	Экономиканы ісқайта	Есептеуге қабылданған ісреспубликалық бюджетке іссалынатын ісжаңғырту ісөтенетін төлем жиыны іссалық ісқоры
"Тоғызак мехзаводы" АҚ, Комсомолец поселкесі, Қостанай облысы	2000	5062	7062
"Целинсельмаш" АҚ, Ақмола қаласы	3750	-	3750
"Алматы" "Поршень" заводы" АҚ, Алматы қаласы	52774		52774
Барлығы:	58524	5062	63586

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК